

## Индустримальық аймақтардың бірыңғай тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2019 жылғы 1 шілдедегі № 467 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 5 шілдеде № 18979 болып тіркелді.

"Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық және индустримальық аймақтар туралы" Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 3 сәуірдегі Заңының 11-бабының 16) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған индустримальық аймақтардың бірыңғай тізілімін жүргізу қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Индустримальық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетіне заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген кезден бастап күнтізбелік он күн ішінде ресми жария ету үшін және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Қазақстан Республикасы заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына қазақ және орыс тілдерінде жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы  
Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі

P. Скляр

Қазақстан Республикасы  
Индустрия және  
инфрақұрылымдық  
даму министрінің  
2019 жылғы 1 шілдедегі  
№ 467 бұйрығымен  
бекітілген

Индустримальық аймақтардың бірыңғай тізілімін жүргізу қағидалары

## **1-тaraу. Жалпы ережелер**

1. Осы индустриялық аймақтардың бірыңғай тізілімін жүргізу қағидалары "Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық және индустриялық аймақтар туралы" Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 3 сәуірдегі Заңының (бұдан әрі - заң 11-бабының 16) тармақшасына сәйкес әзірленді және индустриялық аймақтардың бірыңғай тізілімін жүргізу тәртібін айқындайды.

2. Осы Ережеде қолданылатын негізгі үғымдар:

1) индустриялық аймақ - жеке кәсіпкерлік субъектілеріне Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен кәсіпкерлік қызмет, оның ішінде өнеркәсіп, агроөнеркәсіптік кешен, туристік индустрия, көлік логистикасы, қалдықтарды басқару саласындағы қызмет объектілерін орналастыру және пайдалану үшін берілетін, инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылыммен қамтамасыз етілген аумақ;

2) индустриялық аймақтың қатысуышы - Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен индустриялық аймақтың аумағында кәсіпкерлік қызмет объектілерін орналастыруды және пайдалануды жүзеге асыратын, олармен индустриялық аймақтың басқарушы компаниясы қызметті жүзеге асыру туралы шарт жасасқан дара кәсіпкер, занды тұлға;

3) бірыңғай үйлестіру орталығы-арнайы экономикалық және индустриялық аймақтардың қызметін үйлестіруді жүзеге асыратын занды тұлға;

4) жергілікті атқарушы орган (әкімдік) - облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) әкімі басқаратын, өз құзыреті шегінде тиісті аумақта жергілікті мемлекеттік басқаруды және өзін-өзі басқаруды жүзеге асыратын алқалы атқарушы орган;;

5) индустриялық аймақтар қатысуышыларының бірыңғай тізілімі - Қазақстан Республикасының аумағында құрылған барлық индустриялық аймақтар қатысуышыларының тізілімі.

6) жеке индустриялық аймақтың меншік иесі - жеке немесе мемлекеттік емес занды тұлға.

## **2-тaraу. Бірыңғай тізілімді жүргізу тәртібі**

3. Бірыңғай тізілімге Қазақстан Республикасының аумағында құрылған индустриялық аймақтар енгізіледі.

4. Бірыңғай тізілімді бірыңғай үйлестіру орталығы, арнайы экономикалық және индустриялық аймақтардың қызметін үйлестіруді жүзеге асыратын занды тұлға осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес нысан бойынша электрондық форматта мемлекеттік және орыс тілдерінде қалыптастырады және жүргізеді.

5. Жергілікті атқарушы орган және жеке индустриялық аймақтардың меншік иелері индустриялық аймақ құрылған сәттен бастап жиырма жұмыс күні ішінде бірыңғай үйлестіру орталығын бұл туралы хабардар етеді.

6. Бірыңғай үйлестіру орталығы индустриялық аймақты құру туралы ақпаратты алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде мәліметтерді бірыңғай тізілімге енгізеді.

7. Бірыңғай тізілімді жүргізу:

- 1) индустриялық аймақтар туралы мәліметтерді енгізу (қосу);
- 2) индустриялық аймақтар туралы мәліметтерді өзектендіру (жаңарту).

8. Индустриялық аймақтар туралы мәліметтерді өзектендіру (жаңарту) төменде келтірілген жағдайлардың бірі туындаған кезде орын алады:

- 1) индустриялық аймақтар атауының өзгеруі;
- 2) индустриялық аймақтардың басқарушы компаниясының атауын өзгерту;
- 3) индустриялық аймақтардың басқарушы компаниясының занды мекенжайын өзгерту;
- 4) индустриялық аймақтарды тарату.

9. Бірыңғай тізілімде қамтылған ақпарат бірыңғай үйлестіру орталығының, арнағы экономикалық және индустриялық аймақтардың қызметін үйлестіруді жүзеге асыратын занды тұлғаның Интернет-ресурсында орналастырылады.

Индустриялық аймақтардың  
бірыңғай тізілімін жүргізу  
қағидаларына  
қосымша

## Нысан

### Индустриялық аймақтардың бірыңғай тізілімі

№	Индустриялық аймақтардың толық атауы	Индустриялық аймақтардың басқарушы компаниясының толық атауы	Занды мекен-жайы	СТН (БСН))	Индустриялық аймақтар тізіліміне жазба енгізу күні	Индустриялық аймақтардың түрі
1	2	3	4	5	6	7